

Телефон 8701 386 81 55

Телефон 8701 386 81 55

05.09.2025 ж.

M. J. Sch

А.А. Мусаева

**«АлтынLand» ЖШС “ АлтынLand ” бөбекжайы
Қамқоршылық кеңес мүшелерінің құрамы**

№	Аты-жөні	Атқаратын қызметі	Кеңестегі лауазымы
1.	М.Е.Бакатова	Жеке кәсіпкер	Кеңес төрайымы
2.	А.С.Убишева	№9 «Еркемай» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі;	Кеңес мүшесі
3.	Ә.К.Мендыгазиева	«Айлин» ЖК меңгерушісі	Кеңес мүшесі
4.	Е.М. Айтлесов	құқық қорғау органдарының өкілі;	Кеңес мүшесі
5.	Ж.Қ. Сүндетов	бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі;	Кеңес мүшесі
6.	А.А.Жумашева	Жеке кәсіпкер	Кеңес мүшесі
7.	А.Е.Арыстанғалиева	ата-аналардың өкілі.	Кеңес мүшесі

Хатшы : Исаева Д.Т.

«АлтынLand» ЖШС “АлтынLand” бөбекжайы
менгерушісі А.А.Мусаева

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
	3. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық тазалық және табиғатты қорғау бағытындағы ортақ іс-шара ұйымдастыру. 4. Балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында топтардағы кітап бұрыштарын толықтыру және кітап оқу шараларын қолдау.		
1.4	Қамқоршылық кеңестің №4 жалпы жиналысы 1. «АлтынLand» бөбекжайында жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру мәселелерін қарастыру және келісу. 2. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту және балаларға қолайлы, қауіпсіз орта қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу. 3. Қамқоршылық кеңес тарапынан балабақша жұмысына қатысты анықталған мәселелер бойынша әкімшілікке ұсыныстар беру және олардың орындалуын талқылау. 4. 2025–2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысын шығару және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.	Мамыр	Қамқоршылық кеңестің төрағасы, Қамқоршылық кеңестің мүшелері

Қамқоршылық кеңес отырысының №1-хаттамасы

2025 жылғы «9» қазан

Қатысты: 7 адам

Қатыспады: 1 адам

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2025 – 2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесін сайлау туралы.
2. МДҰ Қамқоршылық кеңесі құрамының тізімін қалыптастыру.
3. МДҰ Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мен хатшысын сайлау.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі сөз сөйлеп, ҚР Оқу-ағарту министрінің 01.03.2023 №56-бұйрығымен бекітілген, Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібімен таныстырды. Қатысушыларға Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлерді ұсынды, МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының міндеттері аясын және өкілеттіктеріне сипаттама берді. Интернет-ресурста (аудандық/қалалық ББ) Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру туралы хабарландыру орналастырылғаннан кейін, мектепке дейінгі ұйымның Қамқоршылық кеңесінің құрамы бекітілетіні туралы хабарлады.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің құрамын қалыптастыру мәселесі қаралды. МДҰ әдіскері сөз сөйлеп кеңес мүшелерінің міндеттері мен жауапкершілігі түсіндіріліп, кеңестің тиімді жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар айтылды. (Талқылаудан кейін 9 адам ұсынылды).

Үшінші мәселе бойынша қатысушылар МДҰ Қамқоршылық кеңесі төрағасының кандидатурасына 2024-2025 оқу жылындағы төрайымды қалдыруды ұсынды..

Қамқоршылық кеңестің мүшелігіне үміткерлердің жазбаша келісімдері қоса берілген.

Шешім:

1. «АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайының 2025 – 2026 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамына сайлансын:

1. М.Е.Бакатова – Қамқоршылық кеңестің төрайымы.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

2. А.С.Убишева

3. Э.К.Мендыгазиева

4. Е.М. Айтлесов

5. Ж.Қ. Сүндетов

6. А.А.Жумашева

7. А.Е.Арыстанғалиева

Исаева Д.Т.-кеңес хатшысы

2. Шешім ашық дауыс беру арқылы бірауыздан қабылданды.

3. Қамқоршылық кеңес «АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайының Жарғысы және нормативтік құқықтық құжаттарымен таныссын.

4. Кеңестің кезекті отырысында бекіту үшін Қамқоршылық кеңестің 2025– 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары әзірленсін.

Төрайым: М.Е.Бакатова 

Хатшы: Исаева Д.Т. 

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№2 хаттамасы**

2025 жылғы «10» желтоқсан

Қатысқандар: 6 адам

Қатыспағандар: 2 адам

Күн тәртібі:

1. «Алтын Land» бөбекжайының 2025–2026 оқу жылына арналған даму бағыттары және жылдық жұмыс жоспарымен танысу, ұсыныстар енгізу.
2. Балаларға арналған жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қолдау көрсету.
3. Балалардың сапалы әрі теңгерімді тамақтануын ұйымдастыру жағдайларын талқылау.
4. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша қажетті бағыттарды анықтау және ұсыныстар әзірлеу.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері «Алтын Land» бөбекжайының 2025–2026 оқу жылына арналған даму бағыттары және жылдық жұмыс жоспарымен танысты. Бөбекжай қызметін жетілдіру, балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасын арттыру бағыттары талқыланды.

Екінші мәселе бойынша балаларға арналған жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды дайындау және өткізу мәселелері қаралды. Балалардың жас ерекшеліктерін ескеру, қауіпсіздік талаптарын сақтау және мерекелік іс-шараларды мазмұнды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар айтылды.

Үшінші мәселе бойынша балалардың сапалы әрі теңгерімді тамақтануын ұйымдастыру жағдайлары талқыланды. Ас мәзірінің сапасына, санитариялық талаптардың сақталуына және балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етуге назар аудару қажеттілігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша бөбекжайдың материалдық-техникалық базасының жағдайы қаралды. Балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз ету мақсатында қажетті жабдықтарды толықтыру және дамыту бағыттары талқыланды.

Шешім:

1. «Алтын Land» бөбекжайының 2025–2026 оқу жылына арналған даму бағыттары мен жылдық жұмыс жоспары негізінде Қамқоршылық кеңестің ұсыныстары әзірленсін.
2. Жаңа жылдық мерекелік іс-шаралар бекітілген жоспарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес өткізілсін.
3. Балалардың сапалы және теңгерімді тамақтануын ұйымдастыру тұрақты бақылауда болсын.
4. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын жақсарту бойынша қажетті жұмыстар кезең-кезеңімен жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М.Е.Бакатова



Қамқоршылық кеңес хатшысы: Исаева Д.Т.



Қамқоршылық кеңес отырысының №3 хаттамасы

2026 жылғы «13» наурыз

Қатысқандар: 5 адам

Қатыспағандар: 3 адам

Күн тәртібі:

1. Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларды дайындау, ұйымдастыру және өткізуге атсалысу.
2. Бөбекжай ғимараты мен аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларға қатысу.
3. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық тазалық және табиғатты қорғау бағытындағы ортақ іс-шара ұйымдастыру.
4. Балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында топтардағы кітап бұрыштарын толықтыру және кітап оқу шараларын қолдау.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларды ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақ халқының салт-дәстүрлерін балаларға таныстыру және ата-аналарды мерекелік іс-шараларға тарту жөнінде ұсыныстар айтылды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай ғимараты мен аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары талқыланды. Бөбекжай аумағын таза ұстау, гүлдер мен жасыл желектер отырғызу және балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық тазалық және табиғатты қорғау бағытындағы ортақ іс-шара өткізу мәселесі қаралды. Іс-шара барысында балаларға қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа ұқыпты қарау және тазалықты сақтау дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлу ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру жолдары талқыланды. Топтардағы кітап бұрыштарын балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әдебиеттермен толықтыру және тәрбиешілер мен ата-аналардың қатысуымен кітап оқу шараларын ұйымдастыру ұсынылды.

Шешім:

1. Наурыз мерекесіне арналған іс-шаралар бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Бөбекжай аумағын абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары ұйымдастырылсын.
3. Балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық тазалық және табиғатты қорғауға бағытталған ортақ іс-шара өткізілсін.
4. Топтардағы кітап бұрыштары толықтырылып, балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыратын іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Н.А.Байхатова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Исаева Д.Т



**Қамқоршылық кеңес отырысының
№4 хаттамасы**

2026 жылғы «11» мамыр

Қатысқандар: 6 адам

Қатыспағандар: 7 адам

Күн тәртібі:

1. «Алтын Land» бөбекжайында жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру мәселелерін қарастыру және келісу.
2. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту және балаларға қолайлы, қауіпсіз орта қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізу.
3. Қамқоршылық кеңес тарапынан бөбекжай жұмысына қатысты анықталған мәселелер бойынша әкімшілікке ұсыныстар беру және олардың орындалуын талқылау.
4. 2025–2026 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысын шығару және келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу.

Мәселелерді талқылау барысы:

Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшелері «Алтын Land» бөбекжайында жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру мәселелерін қарастырды. Балалардың денсаулығын нығайту, таза ауадағы қимылды ойындарды көбейту, сауықтыру және ойын-сауық іс-шараларын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар айтылды.

Екінші мәселе бойынша бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту және балаларға қолайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Топ бөлмелері, ойын алаңдары мен қажетті құрал-жабдықтардың жағдайына назар аударылып, оларды жақсарту бойынша ұсыныстар енгізілді.

Үшінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес тарапынан бөбекжай жұмысына қатысты анықталған мәселелер және оларды шешу жолдары талқыланды. Бөбекжай әкімшілігіне жұмысты жетілдіру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ата-аналармен байланысты нығайту бойынша ұсыныстар беру туралы айтылды.

Төртінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмыстары қорытындыланды. Жыл бойы өткізілген отырыстар мен қаралған мәселелерге талдау жасалып, келесі оқу жылында Қамқоршылық кеңес жұмысын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар талқыланды.

Шешім:

1. «Алтын Land» бөбекжайында жазғы сауықтыру кезеңі бекітілген жоспарға сәйкес ұйымдастырылсын.
2. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту және балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
3. Қамқоршылық кеңес тарапынан анықталған мәселелер бойынша ұсыныстар бөбекжай әкімшілігіне енгізіліп, олардың орындалуы бақылауға алынсын.
4. Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы жұмысы қорытындыланып, келесі оқу жылына арналған ұсыныстар жұмыс жоспарын әзірлеу кезінде ескерілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

М.Е.Бакатова

Қамқоршылық кеңес хатшысы:

Исаева Д.Т.



«АлтынLand» ЖШС «АлтынLand» бөбекжайының Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы жылдық есебі

2025–2026 оқу жылында «АлтынLand» бөбекжайында Қамқоршылық кеңестің жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы №56 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) «Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» және бөбекжай меңгерушісі А.А. Мусаеваның 2025 жылғы 5 қыркүйектегі №7 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылды.

Оқу жылының басында Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілді. Кеңес төрайымы болып М.Е. Бакатова, хатшысы болып Д.Т. Исаева тағайындалды. Кеңес құрамына А.С. Убишева, Э.К. Мендыгазиева, Е.М. Айтлесов, Ж.Қ. Сүндетов, А.А. Жумашева және ата-аналар өкілі А.Е. Арыстанғалиева кірді. Жыл бойына бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес жалпы 4 отырыс өткізілді.

1. **2025 жылдың 9 қазанында өткізілген №1 отырыста** Қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібі мен үлгілік қағидалары таныстырылып, кеңестің 2025–2026 оқу жылына арналған құрамы мен жұмыс жоспары бекітілді. Кеңес мүшелерінің міндеттері мен жауапкершіліктері айқындалды. Сонымен қатар, ерікті көмекті пайдалану бағыттары және бөбекжайдың қысқы кезеңге дайындығы қарастырылды.
2. **2025 жылдың 10 желтоқсанындағы №2 отырыста** бөбекжайдың 2025–2026 оқу жылына арналған даму бағыттары мен жылдық жұмыс жоспары талқыланып, ұсыныстар енгізілді. Балаларға арналған Жаңа жылдық мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қолдау көрсетілді. Балалардың сапалы әрі теңгерімді тамақтануын ұйымдастыру жағдайлары, санитариялық талаптардың сақталуы және материалдық-техникалық базаны жақсарту бағыттары қарастырылды.
3. **2026 жылдың 13 наурызында өткізілген №3 отырыста** Наурыз мерекесіне арналған іс-шараларды дайындау мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселелері қаралды. Бөбекжай ғимараты мен аумағын абаттандыру, көгалдандыру, сондай-ақ балалар мен ата-аналардың қатысуымен экологиялық тазалық шараларын өткізу ұйымдастырылды. Балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында топтардағы кітап бұрыштарын толықтыру шешілді.
4. **2026 жылдың 11 мамырындағы №4 отырыста** бөбекжайда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру, балалардың денсаулығын нығайту және таза ауадағы белсенділіктер талқыланды. Бөбекжайдың материалдық-техникалық базасын нығайту, қауіпсіз орта қалыптастыру, анықталған мәселелер бойынша әкімшілікке ұсыныстар беру бағыттары сараланды. Сонымен бірге Қамқоршылық кеңестің 2025–2026 оқу жылында атқарған жұмыстары қорытындыланды.

Жыл бойы жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бөбекжайда балалар үшін қауіпсіз, сапалы әрі жайлы орта қалыптасып, бөбекжай әкімшілігі мен ата-аналар арасында тығыз ынтымақтастық орнады.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы: М.Е. Бакатова



Хатшы: Д.Т. Исаева

